

Л.С. Динашева^{1*}, Б.Қ. Исабек²¹Халықаралық Туризм және меймандостық университеті

Түркістан қ., 161200, Қазақстан Республикасы

²Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті

Шымкент қ., 160005, Қазақстан Республикасы

*e-mail: Lazat.Dinasheva@iuth.edu.kz

КЕҢЕСТІК ЕҢБЕК ЛАГЕРЛЕРІНДЕГІ ӘСКЕРИ ТҰТҚЫНДАР: №348 ЛАГЕРЬ МЫСАЛЫНДА

Аңдатпа

Мақалада №348 лагерьдің құрылуы, қызметі және оның Оңтүстік Қазақстандағы экономикалық рөлі жан-жақты зерттеледі. Кеңес Одағының соғыстан кейінгі кезеңдегі еңбекке мәжбүрлеу саясаты аясында әскери тұтқындар өндірістік, құрылыс және ауыл шаруашылығы салаларында кеңінен пайдаланылды. Осы лагерьде негізінен жапон әскери тұтқындары ұсталып, олар Ащысай полиметалл комбинаты, Шымкент қорғасын-мырыш зауыты, Ленгер көмір шахталары сияқты өнеркәсіптік нысандарда ауыр жұмыс атқарды. Зерттеу барысында ғылыми айналымға енді ғана енгізіліп жатқан, бұрын «құпия» және «аса құпия» мәртебесіне ие болған архивтік құжаттар негізге алынды. Сонымен қатар, тарихи зерттеулер, ресми есептер және сандық мәліметтер кешенді түрде қарастырылды.

Зерттеу мақсаты - тарихи-салыстырмалы, жүйелік және сандық талдау әдістері негізінде, №348 лагерьдің Кеңес Одағындағы еңбекке мәжбүрлеу жүйесіндегі орны анықталды. Лагерьдің құрылымы, тұтқындардың еңбек жағдайлары, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталу деңгейі, азық-түлікпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етілуі мәселелері жан-жақты талданды. Лагерьдегі әскери тұтқындар ауыр еңбекке тартылып, олардың өмір сүру жағдайларының төмендігі, еңбек өнімділігіне әсері мен әлеуметтік жағдайлары сараланды. Сонымен қатар, №348 лагерьдің өндірістік дамуға қосқан үлесі қарастырылып, оның өңір экономикасындағы маңызы бағаланды.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан аумағындағы әскери тұтқындар лагерінің құрылымы мен оның әлеуметтік-экономикалық маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Алынған материалдар кеңестік еңбек лагерлерінің қызметін зерттеуге, сонымен қатар, соғыстан кейінгі кезеңдегі еңбекке мәжбүрлеу жүйесінің ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда қайта қарастыруға негіз болады.

Негізгі сөздер: №348 лагерь, әскери тұтқындар, мәжбүрлі еңбек, Оңтүстік Қазақстан, кеңестік еңбек лагерлері, архивтік құжаттар

Кіріспе

Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан №348 лагері - кеңестік кезеңдегі соғыстан кейінгі экономиканы қалпына келтірудегі әскери тұтқындардың мәжбүрлі еңбегінің рөлін көрсететін маңызды зерттеу объектісі. 1945-1947 жылдары жұмыс істеген лагерь төрт бөлімшеден тұрды, олардың әрқайсысы ірі өнеркәсіптік орталықтардың жанында орналасты [1]. Бұл бөлімшелер әскери тұтқындарды пайдалану базалары ретінде қызмет етті, олар Ащысай полиметалл комбинатында, Шымкент қорғасын-мырыш зауытында және «Ленгеркөмір» тресінің шахталарында жұмыс істеді. Лагерьдің негізгі міндеті әскери тұтқындардың еңбегін пайдалану арқылы экономикалық жоспарларды орындау болды. Әскери тұтқындар пайдалы қазбаларды өндіру, инфрақұрылым салу, металдарды өңдеу және ауыл шаруашылығымен айналысты. Алайда олардың еңбек ету және тұрмыс жағдайларын ұйымдастыру көптеген қиындықтармен қатар жүрді, лагерь ішінде ресурстардың жетіспеушілігі, материалдардың төмен сапасы және жарақат алу деңгейінің жоғары болды.

Лагерьдегі санитарлық және тұрмыстық жағдайлар нашар болды. Азық-түлікпен қамтамасыз етудің шектеулілігі, киім-кешектің жетіспеушілігі және қатал климаттық жағдайлар тұтқындардың физикалық жағдайына теріс әсер етті. Қауіпсіздік техникасының деңгейі өте төмен болды, бұл әсіресе шахталар мен өнеркәсіптік нысандарда жарақат алу мен жұмысшылардың қаза болуы оқиғаларының жиі болуымен расталады.

Зерттеудің негізгі мақсаты – №348 лагерьдің құрылымы, қызмет ету жүйесі, әскери тұтқындардың еңбекке жұмылдырылуы және олардың тұрмыстық жағдайларын жан-жақты зерттеу. Лагерьдің Кеңес Одағының соғыстан кейінгі еңбекке мәжбүрлеу саясаты аясындағы орны мен маңызын анықтау да негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Зерттеуде алғаш рет ғылыми айналымға түсіп отырған мұрағаттық құжаттармен қатар тарихи зерттеулерде пайдаланылды. Бұл материалдар лагерьдің қызмет етуінің тарихи көрінісін және оның өңір үшін соғыстан кейінгі саясат аясындағы маңыздылығын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Әскери тұтқындар лагерінің қызметін, оның құрылымын және әскери тұтқындардың жағдайын жан-жақты талдау үшін бірнеше әдістемелік тәсілдер қолданылды. Зерттеудің негізін 2021 жылға дейін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық Статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Түркістан облысы бойынша Департаментінде «құпия» және «аса құпия» грифімен сақталып келген құжаттар - КСРО Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) мен Ішкі істер министрлігінің (МВД) Бас әскери тұтқындар басқармасының (ГУПВИ) есептері, лагерь әкімшілігінің материалдары, шаруашылық органдары мен лагерь басшылығы арасындағы хат алмасу, сондай-ақ тұтқындардың саны мен олардың жұмыс түрлері бойынша бөлінуі туралы статистикалық мәліметтер құрады. Бұл құжаттар лагерьдегі мәжбүрлі еңбекті ұйымдастыру жүйесін анықтауға, әскери тұтқындардың күнделікті өмірінің ерекшеліктерін сипаттауға және лагерьдің Оңтүстік Қазақстан экономикасындағы маңызын талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің негізіне архивтік құжаттармен қатар, Қазақстандағы әскери тұтқындар лагерьлері жөніндегі ғылыми еңбектер алынды. Лагерьлік жүйенің қалыптасуы, оның қызмет ету ерекшеліктері және Қазақстан экономикасындағы мәжбүрлі еңбектің рөлі мен маңызы С. Дильмановтың [2], А. Михеева [3], С. Елеуханова [4], Р. Бекмағамбетов [5] сынды зерттеушілердің диссертацияларында кеңінен қарастырылған. Сонымен қатар, бұл мәселе А. Алтаев, Б. Жангутин [6], А. Алданазаров [7], А. Жанбосинова, Б. С. Сайлан мен Ә.Т.Құрбанбай сынды ғалымдардың ғылыми мақалаларында да жан-жақты талданып, Қазақстан мен Ресей архивтеріндегі құжаттар ғылыми айналымға енгізілген. Бұл зерттеулерде статистикалық мәліметтер негізінде талдау жасалып, лагерьлердің экономика мен қоғамға әсері сарапталған. Дегенмен, аталған еңбектерде негізінен Қазақстанның орталық, батыс және шығыс аймақтарындағы лагерьлер қарастырылып, біз зерттеп отырған №348 лагерь туралы тек жалпы мағлұмат қана берілген.

Тақырыптың мазмұнын тереңірек ашуда З.Мырзатаеваның «СССР НКВД-МВД №348 Жапон әскери тұтқындарының лагері және Ащысай полиметалл комбинаты тарихынан» [8] атты еңбегі ерекше орын алады. Автор архивтік деректермен қатар, далалық зерттеулер мен мемуарлық материалдарды пайдаланып, №348 лагерь әскери тұтқындарының өмірі мен еңбегін жан-жақты сипаттаған. Бұл зерттеу лагерьдің құрылымын, оның аймақтың индустриалды дамуындағы рөлін және әскери тұтқындардың күнделікті тіршілігін тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді. Алайда, 2021 жылға дейін кейбір архивтердің жабық болуы лагерьдің барлық құрылымдық бөлімдерінің қызметін толыққанды ашуға зерттеушілерге мүмкіндік бермегені анық.

Сондай-ақ, зерттеу барысында В. П. Мотревич пен О. Н. Старикованың «Лагерь ГУПВИ НКВД (МВД) СССР на территории Казахской ССР в 1941-1950 гг. (численность и дислокация)» атты мақаласы да маңызды дереккөзі ретінде пайдаланылды. Бұл еңбекте Қазақстан аумағындағы әскери тұтқындар лагерьлерінің құрылымы, орналасуы және жалпы сандық көрсеткіштері талданған. Авторлар архивтік құжаттарды негізге ала отырып, №348 лагерьдің басқа лагерьлермен салыстырғандағы орны мен ерекшеліктерін анықтаған.

Зерттеу барысында бірнеше әдістемелік тәсілдер қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс №348 лагерьдегі еңбек эксплуатациясы жүйесін басқа ГУПВИ

лагерьлерімен салыстыру үшін қолданылды. Бұл тәсіл еңбек ұйымдастыру, тұрмыс жағдайлары және шаруашылық органдарымен өзара байланыс сияқты ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, сандық талдау әдісі пайдаланылды. Ол тұтқындардың жалпы саны, олардың жұмыспен қамтылуы, еңбек өнімділігі нормалары, еңбек жағдайлары мен ынталандыру жүйесі сияқты статистикалық мәліметтерді өңдеуді қамтыды. Лагерьдің санитарлық және тұрғын үй жағдайларын талдау санитарлық-гигиеналық жағдай, су сапасы, медициналық қызмет көрсету мен дезинфекциялық шараларды ұйымдастыру туралы деректерге негізделді. Бұл аспектілер әскери тұтқындардың денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігіне ұсталу жағдайларының әсерін анықтауға көмектесті.

Зерттеу барысында қолданылған әдістердің үйлесімділігі №348 лагерьдің құрылымы, оның жұмыс істеу тәртібі және әскери тұтқындардың өмір сүру жағдайларын кеңінен қарастыруға мүмкіндік берді. Архивтік мәліметтер тарихи зерттеулермен толықтырылып, лагерьдегі еңбек эксплуатациясы мен әкімшілік жүйенің сипатын анықтауға көмектесті.

Нәтижелер және оларды талқылау

Оңтүстік Қазақстан облысындағы №348 лагерьі төрт бөлімшеден тұратын күрделі жүйені құраған, әрқайсысының қызметі мен режимінің ұйымдастырылуы өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Лагерьдің орталық басқармасы Ащысай руднигі ауданында орналасты, ал бөлімшелер бір-бірінен айтарлықтай қашықтықта болғандықтан, олардың үйлесімді жұмыс істеуі қиындықтар туғызды.

1. №1 лагерь бөлімшесі Ащысай руднигі маңында Түркістан станциясынан 78 км және лагерь басқармасынан 1,5 км қашықтықта орналасқан. 1946 жылдың 1 қаңтарында мұнда 455 әскери тұтқын болған. Лагерь аумағы биіктігі 2,5 метрлік ағаш қоршаумен қоршалған және үш қатар тікенді сыммен қоршалы, тыйым салынған аймақ алты бақылау мұнарасымен жабдықталды.

2. №2 лагерь бөлімшесі Мырғалымсайда мекенінде, лагерь басқармасынан 62 км және Түркістан станциясынан 42 км қашықтықта орналасты. Мұнда 1946 жылдың басында мұнда 1482 әскери тұтқын өмір сүрді. Аумақ қоршаумен қоршалған, алты бақылау мұнарасы, өту пункті және дыбыстық сигнализациямен жабдықталған. Тұрмыс жағдайлары қанағаттанарлық деп есептелгенімен, қосымша ғимараттардың құрылысы аяқталмаған күйде болды.

3. №3 лагерь бөлімшесі Шымкентте, Шымкент қорғасын зауыты маңында орналасқан. Мұнда 484 адам болды. 2 метрлік тас қоршау жаңбырлардың салдарынан бүлініп, жөндеуді қажет етті. Өту режимі ұйымдастырылғанымен, лагерьдегі қозғалыстарды бақылау кезінде қиындықтар туындады.

4. №4 лагерь бөлімшесі Ленгерде орналасқан, 1946 жылдың басында мұнда 768 адам болған. Қоршау ағаштан жасалған, биіктігі 2,5 метр, кей жерлерде жөндеуді қажет етті. Теңіз желісі сияқты сигнализация жүйесі бар тоғыз бақылау мұнарасы болды. Ресурстардың тапшылығы тәртіпті қамтамасыз етуде қиындықтар туғызды [9].

Лагерьдегі қауіпсіздік мәселесі 654 вахтёрдің жұмысымен қамтамасыз етілді, бұл штаттық кестеге сәйкес жеткілікті деп есептелген. Дегенмен, лагерь бөлімшелерінің бір-бірінен алыстығы мен жабдықтардың тапшылығы үлкен қиындықтар туғызды. Вахтёрлер негізінен жергілікті тұрғындардан таңдалып, орыс тілін нашар меңгерген және күзет қызметі бойынша тәжірибелері болмады [10]. Бұл қызметкерлердің қызмет орнынан кетуі, қару-жарақты жеке үй-жайларда сақтауы және азық-түлікті ұрлауы сияқты жиі бұзушылықтарға әкелді.

Қашудың алдын алу және бақылауды күшейту мақсатында лагерь әкімшілігі тұрақты түрде нұсқаулар беріп, түнгі патрульдер ұйымдастырды. Сонымен қатар, лагерь маңында 20 км радиуста 46 бақылау базасы құрылды. Бұл базалар жергілікті тұрғындардан жасақталып, қашу жағдайында шұғыл әрекет ету үшін арнайы дайындықтан өтті.

“Нәтижесінде, лагерьден қашу фактілері тіркелмеді, бұл қабылданған қауіпсіздік шараларының тиімділігін дәлелдейді”- делінді лагерь басшылығының 1946 жылдың екінші жартысындағы есептерінде [11]. Дені жапон әскери тұтқындарынан құралған бұл лагерьде қашу фактілерінің тіркелмегенін З.Мырзатаевада өз зерттеуінде айтып өткен [8.-28].

Тұтқындар арасында тәртіп бұзушылықтарды болдырмау үшін тұрақты тексерулер жүргізілді. Тексеру барысында пышақтар, өткір заттар мен жинақталатын қайшылар тәркіленді, алайда атыс қаруы немесе суық қару анықталған жоқ. Лагерь тәртібін бұзған тұтқындарға әртүрлі тәртіптік шаралар қолданылды, соның ішінде азық-түлік нормаларын қысқарту немесе жазалау камераларына орналастыру шаралары қарастырылды. Тәртіпті бақылау лагерь басшылығы тарапынан үнемі тексерулер арқылы жүзеге асырылды [11.-49].

Санитарлық жағдайы. Лагерь ішіндегі санитарлық жағдай бөлімшелердің орналасқан жеріне және инфрақұрылымына байланысты бір-бірінен айтарлықтай өзгеше болды. Ащысай сияқты шалғай аудандарда негізгі мәселе таза суға қолжетімділіктің шектеулігі мен толыққанды кәріз жүйесінің болмауы болды. Тұтқындар көбінесе жақын маңдағы су көздерінен су ішті, бірақ олардың сапасы әсіресе құрғақ кезеңдерде төмен болатын. Бұл ішек инфекциялары мен тері аурулары сияқты жиі аурулардан туындады [12].

Күнделікті дезинфекция жұмыстары барақтар, санитарлық аймақтар және ас үйді өңдеуді қамтыды, алайда бұл шаралар жаппай аурулардың алдын алуға жеткіліксіз болды. 1946 жылы лагерь бөлімшелерінде дизентерияның жаппай таралуы тіркелді, оның себебі ластанған су мен санитарлық жағдайлардың дұрыс болмауы еді. Лагерь әкімшілігі қауіп-қатерлерді мейлінше азайту мақсатында қосымша ванналар, дәретханалар және жуыну бөлмелерін салуды ұйымдастырды, бірақ құрылыс материалдары мен жұмыс күшінің тапшылығы бұл процесті баяулатты [13].

Ленгер шахталарында әсіресе ауыр жағдайлар байқалды, мұнда желдету құрылғыларының жоқтығы және антисанитарлық ақуал респираторлық аурулардың таралуына себеп болды. Тұтқындарға тек минималды мөлшерде сабын, тіс пастасы және басқа да жеке гигиена құралдары берілді, бұл олардың денсаулығына кері әсерін тигізді. Есептер бойынша, 1947 жылы лагерь әкімшілігі медициналық дәрі-дәрмектер мен витаминдер жеткізуді ұйымдастырды, бұл тұтқындардың жағдайын біршама жақсартты, бірақ мәселенің жүйелі шешілуіне әкелмеді [14].

Шымкент, Мырғалымсай бөлімшелері қалалық ресурстарға жақын болғандықтан басқа бөлімшелермен салыстырғанда инфрақұрылымы жақсырақ болды. Дегенмен, №348 лагерьдің барлық бөлімшелерінде білікті медициналық персонал мен санитарлық жабдықтардың жетіспеушілігі маңызды мәселе болып қала берді.

Еңбекке пайдалану. №348 лагерьінде әскери тұтқындардың еңбегі олардың біліктілігі мен физикалық жағдайына сәйкес ұйымдастырылды, бұл өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы және құрылыс нысандарында тұтқындардың еңбегін кең ауқымда пайдалануға мүмкіндік берді. Тұтқындар бригадалар мен роталарға бөлініп, олардың әрқайсысын әскери тұтқындар арасынан тағайындалған бригадирлер мен командирлер басқарды. Бұл құрылым еңбек процестерін тиімді басқаруға мүмкіндік берді.

Ащысай полиметалл комбинаты, Мырғалымсай руднигі, Ленгеркөмір тресінің шахталары және Шымкент қорғасын-мырыш зауыты сияқты нысандарда тұтқындар ауыр физикалық жұмыстарды атқарды: пайдалы қазбаларды өндіру, руда тасымалдау және металдарды өңдеу. Ленгердегі лагерь бөлімшелерінде тұтқындар шахталарды салу және көмір өндіру сияқты аса ауыр жұмыстарымен айналысты. Дегенмен, Ленгеркөмір тресінде еңбек ұйымдастыруда бірқатар кемшіліктерге жол берді, оның ішінде тұтқындар үшін арнайы жұмыс учаскелерінің болмауы, бұл бірқатар қайшылықтарға әкелді және өндірістік өнімділіктің төмендеуіне әкелді.

Ауыл шаруашылығы саласында, «Горник» кеңшарының базасында тұтқындар дәнді және бұршақ дақылдарын, көкөністертер өсірумен айналысты. Бұл нысандардағы жұмыс күні 10 сағатқа созылды, бұл стандартты жұмыс уақытынан ұзақ болды. Ресурстар мен жабдықтардың тапшылығына қарамастан, ауыл шаруашылығы қызметі лагерьдің азық-түлікпен қамтамасыз етілуіне елеулі үлес қосты [15].

Тұтқындардың өндірістік міндеттері тиісті категориялар бойынша бекітілген нормалармен реттелді. Мысалы, екінші категориядағы тұтқындар үшін еңбек нормалары төмендетілді, бұл олардың физикалық жағдайын сақтау үшін пайдалы болды. Еңбек саясатының маңызды элементі – нормаларды асыра орындағаны үшін марапаттау жүйесі болды. Лагерь әкімшілігі тұтқындарға қосымша пайлар, салқын таңғы ас және ыстық тамақ ұсынды, сондай-ақ темекі мен папирос секілді символикалық сыйлықтар берді.

Дегенмен, еңбек ұйымдастыруда елеулі қиындықтар болды. Білікті ұйымдастырушылардың болмауы салдарынан кейбір білікті мамандар аса ауыр жұмыстарға тартылды, мысалы, вагондарды түсіру жұмыстарында. Ленгер шахталарында жұмыс орындарының дайын болмауына байланысты үзілістер жиі болды, бұл еңбек өнімділігін айтарлықтай төмендетті.

Тағы бір маңызды мәселе – еңбек қауіпсіздігі. Шахталар мен свинец зауытында жарақат алу деңгейі жоғары болды, себебі тұтқындар токсиндік заттармен жиі байланыста болды. Арнайы киім мен қорғаныс құралдарының болмауы жағдайды қиындатты. 1946 жылдың бірінші тоқсанынында бір шахтаның өзінде екі өліммен аяқталған апат тіркелді [16].

Еңбек жағдайын жақсарту үшін лагерь әкімшілігі мен шаруашылық органдары бірлескен шаралар өткізді. Мысалы, арнайы құрал-жабдықтар қоймалары құрылды, қосымша тамақтану жүйесі енгізілді және моральдық рухты көтеру үшін мәдени-демалыс шаралары ұйымдастырылды.

Лагерьде ішкі өндірістік жұмыстар да белсенді дамыды, мысалы, құрама аяқ киім жасау және қосымша тапсырмаларды орындау. Бұл жұмыстар лагерьдің қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, орталықтандырылған жабдықтау жүктемесін азайтты. Алайда, бұл шарада жеткіліксіз болды.

№348 лагеріндегі еңбекке пайдалану айтарлықтай экономикалық нәтижелерге қол жеткізді. Жалпы алғанда, еңбек ұйымдастырудағы қиындықтар мен материалдық тапшылықтарға қарамастан, әскери тұтқындары Оңтүстік Қазақстан экономикасын қалпына келтіруге елеулі үлес қосты. Бұл үлес әскери тұтқындар лагерлеріндегі еңбек пайдалануды әрі қарай зерттеудің қажеттілігін растайды. Алайда, бұл жетістіктер тұтқындардың физикалық және моральдық ауыртпалықтарымен бірге болды, бұл ГУПВИ лагерлеріндегі еңбек пайдалану жүйесін зерттеудің маңызды екенін көрсетеді.

Тұрмыс жағдайы. №348 лагерь әскери тұтқындарды орналастырудың, еңбекке тартудың және тұрмыстық жағдайларын ұйымдастырудың кеңестік жүйесіндегі маңызды объектілердің бірі болды. Лагерьдің әр бөлімшесіндегі тұтқындардың тұрғын үй жағдайы, инфрақұрылым, жөндеу жұмыстары, санитарлық талаптардың сақталуы әкімшіліктің жүргізген шараларына байланысты өзгеріп отырды.

№1 лагерь бөлімшесінде (Ащысай руднигі) тұтқындар кірпіштен салынған ғимараттарға орналастырылды. Жалпы тұрғын үй алаңы 710 м² болып, онда 455 тұтқын орналастырылды. Бөлмелер пешпен жылыту жүйесіне негізделді. Лагерь аймағында су құбыры жүргізілгенімен, оның тұрақсыз жұмыс істеуі тұтқындарды суды қолмен тасуға мәжбүрледі. Әр 17 адамға 1 жуыну құрылғыдан бөлінді. Дәретханалар 12 адамға 1 орындық есебімен салынды. Киім мен төсек-орынды кептіру үшін 100 жиынтыққа арналған кептіргіш бөлме ұйымдастырылды. Жарықтандыру мәселесі толық шешілмеді: электр шамдары жетіспеді. Лагерьде жеке монша мен кір жуатын орындар болмағандықтан, тұтқындар бұл қажеттіліктерін шаруашылық ұйымдарының нысандарында өтеді [17].

№2 лагері (Мырғалымсай) бастапқыда Хантағы мекенінде орналасып, кейіннен Мырғалымсайға көшірілді. Жалпы тұрғын үй аумағы 672 м² болса да, 532 адам орналасты. Барақтар ағаштан салынып, екі қабатты нарлар орнатылды. Су қажеттілігі орталық жүйе арқылы қамтамасыз етілді. Әр 12 адамға 1 жуыну құрылғы, 20 адамға 1 дәретхана орны бөлінді. Киім-кешек пен төсек-орынды кептіру үшін арнайы бөлмелер жабдықталды. Лагерьде өз моншасы және кір жуатын орны болды. Дезинфекциялық камерасы бар монша сағатына 45 адамға дейін қызмет көрсете алды [18].

№3 лагерь бөлімшесі (Чимкент қорғасын-мырыш зауыты) кірпіштен салынған барақ типті ғимараттардан тұрды. Жалпы тұрғын үй алаңы 672 м², 484 адам орналасты. Жылыту пешпен жүзеге асырылды, сумен қамтамасыз ету орталық жүйе арқылы жүргізілді. Жуыну құрылғысы 28 адамға 1 кран, ал дәретханалар 17 адамға 1 орындық есебімен жабдықталды. Лагерьде жеке монша болмағандықтан, тұтқындар шаруашылық ұйымдарының моншаларын пайдалануға мәжбүр болды [19].

№4 лагерь бөлімшесі (Ленгер көмір шахталары) 1095 м² тұрғын үй алаңын қамтып, 768 адам орналасты. Екі қабатты нарлардың 50%-ы вагондық үлгіге ауыстырылды. Пешпен жылыту қолданылды, су орталық құбырлардан жеткізілді. Әр 12 адамға 1 жуыну құрылғысы, 20 адамға 1 дәретхана орны есептелді. Киім-кешекті кептіру үшін арнайы орындар ұйымдастырылды [20].

№348 лагерь бөлімшелеріндегі әскери тұтқындардың тұрғын үй жағдайлары әртүрлі деңгейде болды. Кейбір бөлімшелерде тұрғын үй қоры салыстырмалы түрде жақсы жабдықталғанымен, көп жағдайда тұтқындар белгіленген нормалардан әлдеқайда жоғары тығыздықта орналасты. Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, жылыту және су жүйесінің жағдайы әр лагерь бөлімшесінде әртүрлі деңгейде ұйымдастырылды.

Лагерь әкімшілігі тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін түрлі шаралар қабылдағанымен, құрылыс материалдарының тапшылығы мен логистикалық қиындықтар бұл процесті баяулатты.

Материалдық қамтамасыз етілуі. Лагерь бөлімшелерінің жабдықтау базасы – Түркістаннан алыс орналасуы, көлік инфрақұрылымының әлсіздігі, азық-түлік пен киім-кешек жеткізудегі кешігулер, қойма қорын дұрыс басқармау сияқты мәселелер тұтқындардың өмір сүру жағдайына кері әсерін тигізді.

Лагерьдің төрт бөлімшесі Түркістан жабдықтау базасынан 42-210 км қашықтықта орналасты. Жолдың нашарлығы, ауа райының қолайсыздығы, теміржол вагондарының жетіспеуі азық-түліктің уақытында жеткізілуін қиындатты.

Негізгі азық-түлік қоры ұн, түрлі жармалар, ет, май және көкөністерден тұрды. Бірақ ет, май, картоп және көкөністердің жетіспеуі тұтқындардың тамақтану сапасын төмендетті. Мысалы, 1946 жылдың бірінші тоқсанында лагерь 5 тонна күріш, 500 кг өсімдік майы және жарма ала алмады. Картофельмен қамтамасыз ету 10%-ды ғана құрады, картоп қоймасы орналасқан Қостанайдан 95 тонна өнімді тасымалдауға мүмкіндік болмады [21].

Өнімдер дұрыс үлестірілмегендіктен, бір лагерь бөлімшесінде белгілі бір азық-түлік артық сақталса, басқа бөлімшелерде мүлдем жетіспей отырды. Бұл жағдай тұтқындардың тамақтану сапасына кері әсерін тигізді.

Әскери тұтқындардың тамақтану жағдайы біркелкі болғанымен, олардың рационы бөлімшеге жеткізілетін азық-түлік қорына тікелей тәуелді еді. Жабдықтау жүйесіндегі іркілістер мен тасымалдау мәселелеріндегі олқылықтар қажетті өнімдердің тапшылығына әкеліп, нәтижесінде тұтқындардың тағамдық рационының калориялық құндылығы төмендеді. Күнделікті тағам мөлшерінің орташа калориялығы 2582 ккал деңгейінде болғанымен, бұл ауыр физикалық еңбекпен айналысатын тұтқындар үшін жеткіліксіз еді.

Кейбір жағдайларда тұтқындардың арасынан аспаздар таңдалып, олар орыс тағамдарын дайындаумен айналысты, бұл тағамның дәмдік сапасын жақсартып, бірсарынды мәзірді аздап әртараптандыруға мүмкіндік берді. Алайда, негізгі азық-түлік

жетіспеушілігі мен қоректік заттардың теңгерімсіздігі тұтқындардың денсаулығына кері әсер етті, бұл олардың еңбек өнімділігінің төмендеуіне алып келді.

Тұтқындар арнайы киіммен тек жерасты және қауіпті жұмыстарға бөлінген жағдайда ғана қамтамасыз етілді, ал ашық аландарда жұмыс істегендерге арнайы киім берілмеді. Лагерьге жеткізілген қысқы аяқ киімдер қыстың алғашқы кезеңінде-ақ 50%-ға дейін тозып, әскери тұтқындардың денсаулығына айтарлықтай қауіп төндірді.

Лагерь әскери тұтқындарды қыстық киіммен қамтамасыз еткенімен, аяқ киім тапшылығы басты мәселе болды. Ленгер шахталарында жұмыс істейтін тұтқындардың аяқ киімі батпақ пен ылғалдың әсерінен тез тозды. Жөндеу шеберханалары жұмыс істегенімен, оларда қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар жетіспеді. Лагерьге жөндеу жұмыстары үшін 50 кг жыртық маталар жеткізілгенімен, оның сапасы нашар болды және жалпы қажеттіліктің тек 2-3%-ын ғана қанағаттандырды [22].

1946 жылдың жазында лагерь 1000 жұп ағаш табанды аяқ киім дайындауды қолға алды, бірақ бұл уақытша шешім ғана еді. Жазғы киімдерді жөндеуге және дайындауға да арнайы жұмыстар жүргізілді. Бұған қоса, лагерьде қарапайым аса қажетті құрал-жабдықтардың өзі жетіспеді: шелек, термос, кастрөл, шөміш, бөшкелер тапшылығы сақталды. Тұтқындардың өз күшімен кейбір тұрмыстық заттар дайындалғанымен, қажетті материалдардың жоқтығы бұл процесті тежеді.

Лагерьде 12 автокөлік болғанымен, олардың тек 3-уі ғана жұмыс істеді, қалғандары қосалқы бөлшектердің жоқтығынан жөндеуге келмеді. Жанармай тапшылығы, жолдың қолайсыздығы және қысқы борандар көлік қозғалысын қиындатты. Сонымен қатар, лагерьде 56 ат және 28 жүк арбасы болғанымен, олардың барлығы толық пайдаланылмады. Автокөлік пен ат арбалары қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмеді, бұл олардың тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтірді [23].

Лагерь әкімшілігінің күш-жігеріне қарамастан, әскери тұтқындарды қажетті заттармен қамтамасыз ету деңгейі төмен болды. Әр бөлімшеде тұтқындар сауда дүңгіршектерінен сабын, тіс ұнтағын, темекі, сіріңке және басқа да негізгі тауарларды сатып ала алатын еді. Алайда, сатып алатын зат түрлері мен мөлшері жиі шектеулі болды, әсіресе шалғай бөлімшелерде. Лагерьді өндірістік құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету де қиындықтар туғызды. Құралдардың жетіспеуі, олардың сапасының төмендігі және жұмыс орындарының тиісті деңгейде дайындалмауы жиі өндірістің тоқтап қалуына әкелді. Бұл жағдайды жақсарту үшін лагерь әкімшілігі арнайы құрал-жабдық қоймаларын ұйымдастырып, олардың сақталуы мен жарамдылығына жауапты тұлғаларды тағайындады.

№348 лагерь басқару және пайдалану жүйесі күрделі құрылымға ие болды және оның әртүрлі аспектілері жан-жақты қарастыруды қажет ететін маңызды зерттеу нысаны болып табылады.

Еңбек қауіпсіздігі. №348 лагерьдегі еңбек жағдайлары қажетті қауіпсіздік стандарттарына жиі сәйкес келмеді, бұл көптеген жарақаттар мен жазатайым оқиғаларға әкелді. Әсіресе, «Ленгеркөмір» тресінің шахталарында және Шымкент қорғасын-мырыш зауытының цехтарында жұмыс істеу аса қауіпті болды. Әскери тұтқындар улы заттармен жұмыс істеу кезінде қажетті қорғаныс құралдарынсыз еңбек етті, ал желдету жүйесінің жоқтығы олардың денсаулығына үлкен қауіп төндірді. Сонымен қатар, тұтқындарға берілген аяқ киім сапасыз болып, тез тозып қалатын, бұл олардың еңбек ету жағдайын одан әрі нашарлатты [24].

1946 жылдың бірінші тоқсанында лагерьде екі өлім жағдайы тіркелді, ал әртүрлі деңгейдегі жарақат алған тұтқындардың саны айтарлықтай көп болды. Техника қауіпсіздігінің сақталмауы мен қажетті қорғаныс құралдарының болмауы №348 лагерьдегі еңбек жағдайының қаншалықты ауыр болғанын көрсетеді.

Отын мәселесі. Лагерьді жылыту және тамақ дайындау үшін отынмен қамтамасыз ету әкімшіліктің негізгі міндеттерінің бірі болды. Негізінен көмір мен отын

пайдаланылды, олар жергілікті көздерден, әсіресе Ленгер шахталарынан жеткізілді. Алайда қыс мезгілінде отын тасымалдауда үзілістер орын алып, бұл тұрғын барақтар мен әкімшілік ғимараттардағы температураның айтарлықтай төмендеуіне әкелді.

Отынды үнемдеу мақсатында оның бөлінуіне қатаң нормалар енгізілді. Кейбір лагерлік бөлімшелерде тұтқындар өздері отын жинауға қатысып, көмір тапшылығын ішінара өтеуге мүмкіндік алды. Ал көмір өндірілетін бөлімшелерде отынмен қамтамасыз ету тұрақты болғанымен, көлік құралдарының жетіспеуі мен тасымалдау шектеулері салдарынан өндірілген көмірдің бір бөлігі тиімсіз пайдаланылды [25].

Лагерь әкімшілігінің есептері 1947 жылға қарай отынмен қамтамасыз ету жағдайының жақсарғанын көрсеткенімен, логистика және бөлініс мәселелері әлі де сақталды. Отын ресурстарын басқаруды тиімдірек ұйымдастыру үшін есепке алу және бақылау жүйелері енгізілді. Сонымен қатар, балама отын көздерін, мысалы, шымтезек пен өсімдік қалдықтарын пайдалану бастамалары ынталандырылды.

Қорытынды

№348 лагерь Кеңес Одағының соғыстан кейінгі кезеңдегі еңбекке мәжбүрлеу жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болды. Оның негізгі мақсаты – әскери тұтқындарды жұмыс күші ретінде пайдалану арқылы өңірдің өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық салаларын дамыту болды. Алайда, бұл процесс ауыр еңбек жағдайларымен, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталмауымен және материалдық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігімен қатар жүрді.

Лагерьдегі тұтқындар тау-кен өндірісінде, құрылыс жұмыстарында және ауыл шаруашылығында еңбек етті. Еңбек қауіпсіздігі талаптары сақталмағандықтан, әсіресе шахталар мен зауыттарда жұмыс істеген тұтқындар жоғары қауіп-қатерге тап болды. Санитарлық жағдайдың төмендігі мен медициналық көмектің шектеулігі тұтқындардың денсаулығына кері әсерін тигізді.

Материалдық қамтамасыз ету жүйелі қиындықтарға тап болды. Азық-түлік тапшылығы мен қыстық киімнің жетіспеуі тұтқындардың өмір сүру жағдайын нашарлатты. Тұрғын үй жағдайлары бөлімшелерге қарай өзгеріп отырды, алайда көп жағдайда тұтқындар белгіленген нормалардан әлдеқайда жоғары тығыздықта орналастырылды.

Зерттеу нәтижелері №348 лагерьдің Оңтүстік Қазақстан экономикасын қалпына келтіруге үлес қосқанын көрсеткенімен, бұл жетістіктер ауыр еңбек пен адам құқықтарының бұзылуы есебінен жүзеге асырылды. Архивтік құжаттарды талдау лагерьдің еңбекке мәжбүрлеу жүйесіндегі орны мен әскери тұтқындардың өмір сүру жағдайларын объективті бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу Кеңес Одағындағы әскери тұтқындар лагерлерінің әлеуметтік-экономикалық маңызын түсінуге және еңбекке мәжбүрлеу жүйесін ғылыми тұрғыда қайта қарастыруға негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Мотревич В. П., Старикова О. Н. Лагеря ГУПВИ НКВД (МВД) СССР на территории Казахской ССР в 1941-1950 гг. Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан. 2016. [Электронный ресурс] - URL: <https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/43711/1/03-ach-2016.pdf>. (дата обращения 04.12.2023)
- 2 Дильманов С. Исправительно-трудовые лагеря на территории Казахстана (1930–1956 гг.). Диссертация на соиск.д-ра ист. наук. -Алматы, –2002. – 350 с.
- 3 Михеева А. Иностранцы военнопленные и интернированные в Центральном Казахстане (1941 – начало 50-х гг. XX века). Дисер. – Караганда, –2007. – 190 с.
- 4 Елеуханова С. История Карлага: охрана, режим и условия содержания заключенных (1930–1956 гг.). - Караганда, – 2009. – 30 с.
- 5 Бекмагамбетов Р. Иностранцы военнопленные в системе принудительного труда в Казахстане (1941–1950 гг.). - Алматы, – 2009. – 27 с.
- 6 Алтаев А., Жангутин Б. ГУПВИ: военнопленные и интернированные на территории Казахстана (1939–1951 гг.): Уч. пособие. В 3-х ч. Алматы: КазНПУ им. Абая, 2006. 104 с.; Жангутин Б. ГУПВИ:

военнопленные и интернированные на территории Казахстана (1941–1951 гг.) // Отечественная история. 2008. №2. С. 107-114.

7 Сайлан Б.С., Құрбанбай Ә.Т. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қазақстан жеріндегі әскери тұтқындар жағдай. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1(68), – 2021. – Б. 60-66 <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.09>

8 Мырзатаева З.Б. СССР НКВД-МВД №348 жапон әскери тұтқындарының лагері және Ащысай полиметалл комбинаты тарихынан. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршысы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2(69), – 2021. – Б. 23-33 <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.03>

9 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД (Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті), 9 қор, 17 іс, 2 -п.

10 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 17 іс, 4 -п

11 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 96/521.Арх.61,48-49-п

12 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 47 іс, 17 -п

13 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 17 іс, 7 -п

14 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 28 іс, 11 -п

15 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 47 іс, 19 -п

16 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 47 іс, 18 -п

17 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 28 іс, 12 -п

18 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 17 іс, 14 -п

19 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 47 іс, 19 -п

20 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 17 іс, 21 -п

21 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 28 іс, 28 -п

22 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 47 іс, 21 -п

23 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 17 іс, 34 -п

24 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 96/521.Арх.61, 71-п

25 ҚР БП ҚСЖАЕК ТОД, 9 қор, 47 іс, 24 -п

ВОЕННОПЛЕННЫЕ В СОВЕТСКИХ ТРУДОВЫХ ЛАГЕРЯХ: НА ПРИМЕРЕ ЛАГЕРЯ №348

Аннотация

В статье исследуется создание, функционирование и экономическая роль лагеря №348 в Южном Казахстане. В рамках политики принудительного труда военнопленных в послевоенном СССР они широко использовались в промышленном, строительном и сельскохозяйственном секторах. В данном лагере содержались преимущественно японские военнопленные, которые работали на тяжёлых производственных объектах, таких как Ачисайский полиметаллический комбинат, Чимкентский свинцово-цинковый завод и шахты Ленгеруголь. В ходе исследования использованы архивные документы, недавно введенные в научный оборот и ранее имевшие гриф «секретно» и «совершенно секретно». Кроме того, применён комплексный анализ исторических исследований, официальных отчётов и статистических данных.

Цель исследования на основе научных методов историко-сравнительного, системного и количественного анализа, определить место лагеря №348 в системе принудительного труда в СССР. Детально рассмотрены структура лагеря, условия труда военнопленных, соблюдение санитарно-гигиенических норм, а также обеспечение питанием и медицинской помощью. Анализируются условия жизни заключённых, их влияние на производительность труда и социальное положение. Также дана оценка вкладу лагеря №348 в промышленное развитие региона и его экономическое значение.

Результаты исследования позволяют глубже понять структуру лагерей для военнопленных на территории Казахстана и их социально-экономическое значение. Полученные материалы могут быть использованы для дальнейшего изучения системы советских трудовых лагерей и пересмотра научных подходов к исследованию политики принудительного труда в послевоенный период.

Ключевые слова: лагерь №348, военнопленные, принудительный труд, Южный Казахстан, советские трудовые лагеря, архивные документы.

PRISONERS OF WAR IN SOVIET LABOR CAMPS: THE CASE OF CAMP NO 348

Abstract

This article examines the establishment, operation, and economic role of Camp No. 348 in South Kazakhstan. Within the framework of the Soviet Union's post-war forced labor policy, prisoners of war were extensively utilized in the industrial, construction, and agricultural sectors. The camp primarily housed Japanese prisoners of war, who were subjected to harsh labor conditions at industrial sites such as the Achisay Polymetallic Combine, the Shymkent

Lead-Zinc Plant, and the Lenger Coal Mines. This study is based on archival documents that have only recently been introduced into academic circulation, previously classified under the security markings «secret» and «top secret.» A comprehensive analysis of historical research, official reports, and statistical data was also conducted.

The main aim of the study is to determine the place of camp No. 348 in the forced labor system in the USSR based on scientific methods of historical, comparative, systematic and quantitative analysis. The camp's structure, labor conditions of the prisoners, compliance with sanitary and hygienic norms, and food and medical supply issues, are examined in detail. The study analyzes the impact of harsh living conditions on labor productivity and the overall social status of the prisoners. Furthermore, the article assesses the contribution of Camp No. 348 to industrial development and its economic significance for the region.

The findings of this research contribute to a deeper understanding of the structure of POW camps in Kazakhstan and their socio-economic importance. The obtained materials serve as a foundation for further studies on Soviet labor camps and a reevaluation of the forced labor system in the post-war period from a scientific perspective.

Key words: Camp No. 348, prisoners of war, forced labor, South Kazakhstan, Soviet labor camps, archival documents.

REFERENCES

- 1 Motrevich V. P., Starikova O. N. Lagerya GUPVI NKVD (MVD) SSSR na territorii Kazahskoi SSR v 1941-1950 gg. [*Camps of the GUPVI NKVD (MVD) of the USSR on the territory of the Kazakh SSR in 1941-1950. (number and dislocation)*]. Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-rakticheskoi konferencii, posvyashchennoi 25-letiyu Nezavisimosti Respubliki Kazahstan. 2016. Available at - URL: <https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/43711/1/03-ach-2016.pdf> [in Russian]. (accessed: 04.12.2023).
- 2 Dilmanov S. Ispravitelno-trudovye lagerya na territorii Kazahstana (1930–1956 gg.) [*Forced labor camps in Kazakhstan (1930-1956)*]. - Almaty. 2002. 350 p. [in Russian]
- 3 Miheeva A. Inostrannye voennoplennyye i internirovannyye v Centralnom Kazahstane (1941 – nachalo 50-h gg. XX veka) [*Foreign prisoners of war and internees in Central Kazakhstan (1941 – early 1950s)*]. - Karaganda. 2007. 190 p. [in Russian]
- 4 Eleuhanova S. Istoriya Karlaga: ohrana, rezhim i usloviya soderzhaniya zaklyuchennykh (1930–1956 gg.) [*The history of Karlag: guards, regime and conditions of detention of prisoners (1930-1956)*]. - Karaganda. 2009. 30 p. [in Russian]
- 5 Bekmagambetov R. Inostrannye voennoplennyye v sisteme prinuditel'nogo truda v Kazahstane (1941–1950 gg.) [*Foreign prisoners of war in the forced labor system in Kazakhstan (1941-1950)*]. - Almaty. 2009. 27 p. [in Russian]
- 6 Altaev A., Zhangutin B. GUPVI: voennoplennyye i internirovannyye na territorii Kazahstana (1939–1951 gg.): Uch. Posobie [GUPVI: prisoners of war and internees in Kazakhstan (1939-1951)]. V 3-h ch. Almaty: KazNPU im. Abaya, 2006. 104 p.; Zhangutin B. GUPVI: voennoplennyye i internirovannyye na territorii Kazahstana (1941–1951 gg.) [GUPVI: prisoners of war and internees in Kazakhstan (1941-1951)] // Otechestvennaya istoriya. 2008. №2. P. 107-114. [in Russian]
- 7 Sailan B.S., Qurbanbai Ä.T Ekinşi dñiejüzılık soğystan keingı Qazaqstan jerindeğı äskeri tñtqyndar jağdai [The situation of prisoners of war in Kazakhstan after the Second World War]. Abai atyndağy QazÜPU-nıñ habarşysy, «Tarih jäne saiasi-äleumettik ğylymdar» seriasy, No1(68), 2021 j. P. 60-66 <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.09> [in Kazakh]
- 8 Myrzataeva Z.B. SSSR NKVD-MVD №348 japon äskeri tñtqyndarynyñ lageri jäne Aşşysai polimetall kombinaty tarihyndan [From the history of the camp of Japanese prisoners of war No. 348 of the NKVD-MVD of the USSR and the Ashchysai polymetallic combine]. Abai atyndağy Qazaq ülttyq pedagogikalyq universiteti habarşysy «Tarih jäne saiasi-äleumettik ğylymdar» seriasy, №2(69), 2021. P. 23-33. <https://doi.org/10.51889/2021-2.1728-5461.03> [in Kazakh]
- 9 KR BP KSzhAEK TOD (The Department of the Turkistan Region of the Committee on Legal Statistics and Special Records of the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan), Fund 9, Case 17, Item 2.
- 10 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v., 17 case, 4- item
- 11 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 96/521.Ar.h.61, 48-49- item.
- 12 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 47 case, 17- item.
- 13 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 17 case, 7- item.
- 14 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 28 case, 11- item.
- 15 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 47 case, 19- item.
- 16 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 47 case, 18- item.
- 17 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 28 case, 12- item.
- 18 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 17 case, 14- item.
- 19 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 47 case, 19- item.
- 20 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 17 case, 21- item.

- 21 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 28 case, 28- item.
22 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 47 case, 21-item.
23 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 17 case, 34 -item.
24 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 96/521.Ar.h.61, 71-item.
25 KR BP KSzhAEK TOD, 9 v, 47 case, 24- item.

Information about authors:

Lazat Dinashева – **corresponding author**, PhD in history, associate professor of the Humanitarian School of the International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Republic of Kazakhstan

E-mail: Lazat.Dinashева@iuth.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0831-4162>

Barshagul Isabek – PhD in history, associate professor of the Department of World History and Religious Studies, South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov, Shymkent, Republic of Kazakhstan

E-mail: barsha73@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1470-8945>

Информация об авторе:

Лазат Динашева – **основной автор**, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор Гуманитарной школы Международного университета туризма и гостеприимства, г.Туркестан, Республика Казахстан

E-mail: Lazat.Dinashева@iuth.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0831-4162>

Баршагуль Исабек - кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры «Мировая история и религиоведение», Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбеки Жанибекова, г. Шымкент, Республика Казахстан

E-mail: barsha73@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1470-8945>

Авторлар туралы ақпарат:

Лазат Динашева – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының кандидаты, Гуманитарлық мектептің қауымдастырылған профессоры, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Lazat.Dinashева@iuth.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0831-4162>

Баршагүл Исабек – тарих ғылымдарының кандидаты, «Әлем тарихы және дінтану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: barsha73@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1470-8945>